

ПРЕСС-РЕЛИЗ

17 марта 2011 года

г. Атырау

Председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» К. Кабылдин встретился с трудовыми коллективами Атырауской области для обсуждения вопросов реализации Послания Главы государства народу Казахстана «Построим будущее вместе!»

17 марта т.г. состоялась встреча председателя Правления АО НК «КазМунайГаз» Кайргельды Кабылдина с трудовыми коллективами ПФ «Эмбамунайгаз» АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз», ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод», Западного филиала АО «КазТрансОйл», АО «КазТрансГаз», где были подведены итоги деятельности группы компаний «КазМунайГаз» за 2010 год и обсуждены вопросы реализации Послания Главы государства народу Казахстана «Построим будущее вместе!»

Выступая с докладом об основных итогах деятельности председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» К. Кабылдин отметил, что в 2010 году группа компаний «КазМунайГаз» перевыполнила производственный план.

Согласно Постановлениям Правительства РК «Об утверждении Комплексного плана развития нефтеперерабатывающих заводов Республики Казахстан на 2009-2015 годы» и «Об утверждении Программы по развитию нефтегазового сектора Республики Казахстан на 2010-2014 годы», АО НК «КазМунайГаз» реализует проект модернизации и реконструкции Атырауского НПЗ.

Реализация проекта «Реконструкция вакуумного блока установки ЭЛОУ-АВТ и установки замедленного коксования» позволит увеличить на АНПЗ объемы производства вакуумного газойля до 800 тыс. тонн в год, компонента бензина до 161 тыс. тонн в год, компонента дизельного топлива до 308 тыс. тонн в год. Проект находится на стадии завершения, пуск установок планируется во II квартале 2011 года.

Проектом «Строительство комплекса по производству ароматических углеводородов» предусматривается увеличение объема производства высокооктанового бензина, дизельного топлива соответствующих стандарту Евро – 3, а также начать производство сырья для нефтехимии (бензола и параксилола). Срок реализации проекта 2007-2013 годы.

В рамках проекта «Строительство комплекса глубокой переработки нефти» планируется увеличение производства высокооктанового бензина, авиатоплива и дизтоплива, увеличение глубины переработки до 87%, достижение качества моторных топлив до стандартов Евро – 4,5. Срок реализации проекта 2009-2015 годы.

- При реализации проекта модернизации и реконструкции Атырауского НПЗ мы ставим цель не только достичь высоких производственных показателей, но и увеличивать казахстанское содержание и создавать новые рабочие места, - подчеркнул Кайргельды Кабылдин.

К. Кабылдин отметил, что в рамках Программы строительства 50 многофункциональных спортивных площадок в текущем году в п. Макат Атырауской области для детей будет построена спортивная площадка «КазМунайГаз» для занятий футболом, волейболом, баскетболом и другими массовыми видами спорта.

В г. Атырау будет обеспечено софинансирование работ по строительству физкультурно-оздоровительного комплекса в микрорайоне «Нурсая» стоимостью 274 млн. тенге.

В п. Миялы Атырауской области будет завершено строительство физкультурно-оздоровительного комплекса для занятий футболом, волейболом, баскетболом и другими видами массового спорта.

- В текущем году, кроме своих обязательств по контрактам на недропользование, Компания в рамках Программы социального партнерства выделяет денежные средства в объеме 280 млн. тенге на строительство 5 ФОКов для занятий спортом молодежи Атырауской области и это не случайно. Как известно Глава Государства Н.Назарбаев в своем послании народу Казахстана поставил задачу привлечь до 2020 года к массовым видам спорта 30% казахстанцев, сформировать здоровое общество, - отметил в своем выступлении генеральный директор АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз» Кенжебек Ибрашев.

К 100-летию начала промышленной добычи на месторождении Доссор в п. Доссор Атырауской области будет построен стадион с трибуной и искусственным покрытием, в трех школах и лицее - новые многофункциональные спортивные площадки, в жилых районах – пять детских дворовых площадок, а также детский сад на 80 мест.

В целом, на социальные проекты в Макатском, Кызылкогинском, Жылыойском и Махамбетском районах Атырауской области будет направлено 730 млн. тенге.

Во время встречи с трудовыми коллективами также выступили генеральный директор ТОО «Атырауский НПЗ» Талгат Байтазиев, директор Западного филиала АО «КазТрансОйл» Фердинат Мамонов, управляющий директор АО «КазТрансГаз» Бахытбек Тажибай, директор ПФ «Эмбаунайгаз» РД КМГ Жумабек Жамауов.

В рамках данной встречи представители трудовых коллективов ПФ «Эмбаунайгаз», Атырауского НПЗ, Западного филиала АО «КазТрансОйл», АО «КазТрансГаз» выразили поддержку новым социальным инициативам Главы государства, направленным на укрепление благосостояния народа.

АО «Национальная компания «КазМунайГаз» - казахстанский национальный оператор по разведке, добыче, переработке и транспортировке углеводородов, представляющий интересы государства в нефтегазовой отрасли Казахстана. 100 процентов акций АО НК «КазМунайГаз» принадлежит АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына».

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
АО «Национальная компания «КазМунайГаз»	Республика Казахстан, 010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	



БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

17 наурыз 2011 жыл

Атырау қаласы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы Қ.Қабылдин Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауын жүзеге асыру мәселелерін талқылау мақсатында Атырау облысының еңбек ұжымдарымен кездесті

Осы жылдың 17 наурызында ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы Қайыргелді Қабылдин «Барлау Өндіру «ҚазМұнайГаз» АҚ «Ембімұнайгаз» ӨФ, «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы, АҚ «ҚазТрансГаз» және «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС еңбек ұжымдарымен кездесті. Кездесу барысында «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының 2010 жылғы қызметінің қорытындылары шығарылып, Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы Қ.Қабылдин өз баяндамасында «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының 2010 жылы негізгі көрсеткіштер бойынша өндірістік жоспарды артығымен орындағанын атап айтты.

«Қазақстан Республикасының 2009-2015 жылдарға арналған мұнай өңдеу зауыттарын дамытудың Кешенді жоспарын бекіту туралы» және «2010-2014 жылдары Қазақстан Республикасы мұнай-газ секторын дамыту Бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Атырау мұнай өңдеу зауытын жаңарту және қалпына келтіруді жүзеге асыруда.

«ЭЛОУ-АВТ (электрмен тұссыздандыру) вакуумды блогын және баяу кокстау қондырғыларын қалпына келтіру» жобасын іске асыру Атырау МӨЗ-де вакуумды газойл өндіруді жылына 800 мың тоннаға, бензин компонентін жылына 161 мың тоннаға, дизель отыны компонентін жылына 308 мың тоннаға жеткізуге мүмкіндік береді.

«Хош иісті көміртегілерін өндіру кешенінің құрылысы» жобасы жоғары октанды бензин көлемін өндіруді арттыру, Евро – 3 стандартына сай келетін дизель отынын, сонымен қатар мұнай химиясы үшін шикізат өндіруді бастауды (бензол және параксилол) көздеп отыр.

«Мұнайды терең өңдеу кешенінің құрылысы» жобасы шеңберінде жоғары октанды бензин, авиа және дизель отындарын өндіруді арттыру, өңдеу тереңдігін 87% арттыру, мотор отындарының сапасын Евро – 4,5 стандарттарына жеткізу жоспарланған.

- Атырау МӨЗ жаңарту және қалпына келтіру жобасын жүзеге асыру барысында біз тек жоғары өндірістік көрсеткіштерге жетіп қоймай, қазақстандық үлесті ұлғайту және жаңа жұмыс орындарын құруды көздеп отырмыз,-деп атап көрсетті Қайыргелді Қабылдин.

Қ.Қабылдин көпфункционалды 50 спорт алаңы Бағдарламасы шеңберінде биыл Атырау облысының Мақат поселкесінде футбол, волейбол, баскетбол және басқа да бұқаралық спорт түрлерімен айналысатын балаларға арналған «ҚазМұнайГаз» спорт алаңы салынатындығын атап өтті.

Атырау қаласындағы «Нұрсая» шағын ауданында бағасы 274 млн. теңге болатын денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын қоса қаржыландыру қамтамасыз етіледі.

Атырау облысының Миялы поселкесінде футбол, волейбол, баскетбол және басқа да бұқаралық спорт түрлерімен айналысатын денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталады.

- Биылғы жылы, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына байланысты міндеттерден басқа, Компания әлеуметтік әріптестік Бағдарламасы шеңберінде Атырау облысында жастар спортпен шұғылдану үшін 5 Денешынықтыру-Сауықтыру кешені құрылысына 280 млн.теңге көлемінде ақшалай қаржы бөледі. Өйткені Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында 2020 жылға дейін қазақстандықтардың 30% бұқаралық спорт түрлеріне тарту, дені сау қоғам құру міндетін қойған болатын, деп атап көрсетті өз сөзінде «Барлау Өндіру «ҚазМұнайГаз» АҚ бас директоры Кенжебек Ибрашев.

Доссорда өндірістік кен өндіріле бастағанына 100 жыл толуына орай Атырау облысының Доссор поселкесінде жасанды жабыны бар мінбелі стадион, үш мектеп пен лицейде жаңа көпфункционалды спорт алаңдары, тұрғын аудандарда – бес балалар ауласы алаңы, сонымен қатар 60 орындық балалар бақшасы салынады.

Атырау облысының Мақат, Қызылқоға, Жылой және Махамбет аудандарында әлеуметтік жобаларға барлығы 730 млн. теңге аударылады.

Сондай-ақ еңбек ұжымдарымен кездесу кезінде «Атырау МӨЗ» ЖШС бас директоры Талғат Байтазиев, «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының директоры Фердинат Мамонов, «ҚазТрансгаз» АҚ басқарушы директоры Бахытбек Тәжібай, ҚМГ БӨ «Ембімұнайгаз» ӨФ директоры Жұмабек Жамауов сөз сөйледі.

Осы кездесу барысында Атырау МӨЗ, «Ембімұнайгаз» ӨФ, «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы және АҚ «ҚазТрансГаз» еңбек ұжымдарының өкілдері Елбасының халықтың әл-ауқатын нығайтуға бағытталған жаңа әлеуметтік бастамаларына қолдау білдірді.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., пр. Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	